

Қазығұрт ауданына 2011 жылы жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдауды ұсыну туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2011 жылғы 1 шілдедегі N 44/344-IV шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 25 шілдеде N 14-6-139 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2012 жылғы 3 қазандағы № 263 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2012.10.03 № 263 хатымен.

2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 15) тармақшасына, 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы" Қаулысының 2 тармағына сәйкес және аудан әкімі мәлімдеген мамандарға қажеттілікті ескере отырып аудандық мәслихат

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. Қазығұрт ауданына 2011 жылы жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына бір маманға жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақысы және тұрғын үй сатып алу бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын бюджеттік кредит ұсынылсын.

Ескерту. Шешімнің бірінші тармағындағы "тұрғын үй сатып алу үшін алты жүз отыз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит ұсынылсын." деген сөздер "тұрғын үй сатып алу үшін бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын бюджеттік кредит ұсынылсын." деген сөздермен ауыстырылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2011.09.24 N 46/356 Шешімімен.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау мәдениет, тіл, білім беру, денсаулық

сақтау, ұлт және ұлтаралық қатынастар, қоғамдық және өзін-өзі басқару жөніндегі (К.Төреқұлов) мәслихаттың тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессия төрағасы:

К.Төреқұлов

Аудандық мәслихат хатшысы:

А.Омаров

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК